

Скоробогатый Григорий Федосеевич



Техника ғылымдарының кандидаты. Институтта 30 жылдан астам жұмыс істеді. Ол отамалы дақылдарды өсіруді механикаландыру саласында зерттеулер жүргізді. Оның жасаған сепкіштерге орнатылған шаршы ұялы себуге арналған құрылғысы көптеген шаруашылықтарда пайдаланылды.

Сондай-ақ, ол Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы аймақтары ауыл шаруашылық өндірісінде жылдамдықты трактор агрегаттарын пайдалану мәселелерімен де айналысты. 50-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 15 өнертабыстың авторы, оның 10-ын өзі жасаған құрылғыларында жүзеге асырды.